

expressiveness of aitys. The article describes the methods of combining the rhythmic and intonational expression of verses, the verbal skill of folk poets based on the poems of Aitys B. Alimzhanov, a recognized representative of modern Aitys. The article was written within the framework of the AP19574645 project "typology and poetics of modern aitys", which is implemented with grant funding from the Ministry of Housing and Communal Services of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025.

Keywords: aitys, poet, verse, rhythm, syllable, poetic mode, sonority, Alimzhanov, typology, poetics.

Received: 20.06.2023

MFTAP 17.07.51

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp70-77](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp70-77)

М. Аманғазықызы¹, М.С. Оразбек²

¹PhD, доцент, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0001-8027-0673>. E-mail: moldir_amangazykyzy@mail.ru.

²ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-0703-3142>. E-mail: makpal_zere@mail.ru.

«ҚАЛАЛЫҚ МӘТІН» ТЕРМИНІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНЫҢ РАКУРСТАРЫ

«Қалалық мәтін» ұғымы кешенді әрі көпқырлы болғандықтан күні бүгінге дейін ғылымда бұл терминнің нақты анықтамасы қалыптаспаған. Аталған мақалада әдебиеттегі урбанизм, қалалық мәтіннің көркем кодтары (табиғи және мәдени бейнелер, уақыт пен кеңістікті, олардың шектілігі пен созылыңқылығын бейнелеу тәсілдері, адамдардың тегі мен аттары, топонимдер, метабейнелеу элементтері, жалпы лексикалық-ұғымдық сөздік), қалалық мәтіндегі хронотоп мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар қалалық мәтінде концепт, мотивтер мен сюжеттердің бірлікте қарастырылатындығы ғылыми зерттеулермен дәйектелген. Зерттеудің әдіснамасы ретінде Н.П. Анциферов, Ю.М. Лотман, В.Н. Топоров, К. Линч, Н.В. Шмидт, Н.А. Кожевникова, Н.В. Корниенко, М.А. Селеменова, Н.Д. Арутюнова және т.б. ғалымдардың еңбектері негізге алынған. Сондай-ақ, әдеби шығарманың көркемдік әлеміндегі қалалық мәтін мен қалалық дискурс ұғымдарының арақатынасы мәселесі де айқындалған. Себебі урбанистік дискурста дүниеге келіп, соның нәтижесі болып табылатын қала мәтіні онымен құрылымында көрінетін сабақтас байланыста болады деп айқындалған.

Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдарды жоғары оқу орындарында әдебиет теориясы мен поэтикасы сияқты теориялық курстарды оқытуда, арнаулы курстар мен семинарларда, қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттардың қалыптасуын зерттеуде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: қалалық мәтін, дискурс, урбанистика, қала, қалалық мәтін компоненттері.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Әлемдік ғылымда ХХ-ХХІ ғасырлар тоғысында қаланы зерттеу тарих, мәдениеттану, элеуметтану, филология мен басқа да гуманитарлық ғылымдар саласында өзекті мәселеге айналды. Әсіресе әдебиеттану ғылымында көркем шығармадағы қала бейнесінің суреттелуі ғалымдардың назарын ерекше аударды. Соның нәтижесінде әдебиеттануда «қала бейнесі», «қалалық проза», «қалалық мәтін», «қала кейіпкерлері», «қалалық менталитет», «қала

моделі» терминдері қалыптасып жеке категорияға айнала бастады. Соның ішінде «қалалық мәтін» ұғымы осы зерттеудің нысаны болмақ.

КІРІСПЕ

XX ғасыр басында Н.П. Анциферовтың қала образы туралы зерттеуінен [1] кейін орыс әдебиеттануында XX ғасырдың екінші жартысында «қалалық мәтін» ұғымы қалыптасып, орнықты. 1984 жылы Ю.М. Лотманның [2] және В.Н. Топоровтың «Таңбалар жүйесі бойынша еңбектер» [3] деп аталатын қалалық мәтіндерді зерттеуге арналған концептуалды мақалалар жинағы жарық көрді. Бұл еңбектерде жекелеген қалаларды суреттеген көркем шығармалар мәтінін зерттеуге байланысты «Петербургтік мәтін», «Мәскеулік мәтін» деген ұғымдардың пайда болғандығын байқауға болады. Бұл ұғымдар «қалалық мәтін» ұғымының негізін құрайды. Себебі белгілі бір қала туралы көркем мәтінде сол қаланың кеңістігі, өмір сүру салты, қалалықтар жиналып серуендейтін белгілі саябақ, танымал сауда орындары, қала халқы көңіл көтеретін мейрамхана, мәдениет үйлері мен олардың ерекшелігі суреттеледі. Осы кеңістіктің ерекшелігін суреттеу үшін шығарма кейіпкерлерінің басынан өткен оқиғалар мен олардың психологиялық күй-жағдайы бейнеленеді. Осы аталған жағдайлар Петербург немесе басқа кез келген қаланың тіршілігі туралы болғандықтан жалпы «қалалық мәтіннің» негізі саналады.

Қалалық мәтінді зерттеген Л.И. Бронская «1920 жылдардағы орыс әдебиетіндегі қалалық кеңістік поэтикасы (М. Булгаков, А. Грин, С. Кржижановский)» деп аталатын мақаласында: «Белгілі бір жазушының шығармашылығындағы қалалық кеңістікті бейнелеу мәселесін қарастырғанда біз локус, топос және супермәтін сияқты бірліктерді зерттеу теориясын басшылыққа аламыз» [4, 147] дейді. Локус дегеніміз белгілі бір кеңістіктегі нүкте, орын. Қала кеңістігінде ол театр, базар, саябақ, т.б. осылар сияқты көркем мәтінде суреттелетін нақты нүктелер. Ал топос дегеніміз әдебиеттануға Э.Р. Курциус енгізген белгілі бір ұғымды білдіретін концепт. Мысалы «алтын ғасыр», «киіз кітап» немесе нақты ұлттық танымды көрсететін «жыраулық поэзия», «әдебиеттегі ақтаңдақтар», «әдебиеттегі жылымық», «постколониалды әдебиет» сияқты ортақ мотивтер немесе сюжеттер жиынтығын топос дейміз. Сондықтан қалалық мәтінде концепт, мотивтер мен сюжеттер бірлікте қарастырылады. Ю.М. Лотман қала концептісін: «Қала күрделі семиотикалық механизм, мәдениет генераторы ретінде әртүрлі тілге және түрлі деңгейге жататын, құрылымы әртүрлі және гетерогенді мәтіндер мен кодтардың қазандығы болғандықтан бұл қызметті атқара алады» [2, 35] деп, қалалық мәтін «құрылымы әртүрлі және гетерогенді мәтіндер мен кодтардың қазандығы» деген тұжырымды ұсынады. Шындығында қала тіршілігі туралы көркем шығармада әртүрлі адамдар мен түрлі ұлттың танымы және ұлттық коды бейнеленген құрылымы әртүрлі мәтіндер жинақталады.

Ю.М. Лотман «Санкт-Петербургтің символикасы және қала семиотикасының мәселелері» мақаласында мәтінде қаланы таңбалаудың немесе қала белгісінің (символика) концентрлік және эксцентрлік (города концентрического и эксцентрического типа) екі түрлі типі болатынын атап көрсетеді: «Семиотикалық кеңістіктегі қаланың концентрлік орналасуы негізінен таудағы (немесе таулардағы) қала бейнесімен байланысты. Мұндай қала жер мен көктің арасындағы делдал іспетті, оның айналасына генетикалық мифтер шоғырланады (олардың қалыптасуына құдайлар қатысады), оның басталуы бар да аяғы жоқ, бұл – «мәңгілік қала». Эксцентрлік қала мәдени кеңістіктің «бір шетіне»: теңіз жағасына, өзен арнасына орналасады. Бұл жерде жер/аспан антитезасы өзекті болып табылмайды, керісінше табиғи/жасандылық ұғымдарының қарсылығы алдыңғы орынға шығады» [2, 31].

В.Н. Топоровтың классификациясы бойынша қалалық мәтін мифопоэтикалық және аксиологиялық алғышарттарға негізделген. Зерттеуші қалалық мәтіндерді «бикештер қаласы» және «жезөкшелер қаласы» деп атайды. Әртүрлі өркениеттер кезеңінде адамдар қаланы пана болатын, өмір сүріп, тіршілік ететін және өлгенде жерленетін орын ретінде түсінді. В.Н. Топоровтың пікірі бойынша: «Кешегі малшы мен егіншінің санасында қаланың

екі бейнесі, бұл идеяның дамуының кереғар екі ұғымы туындайды – қарғысқа ұшыраған, азғындаған қала, түпсіз тереңдік үстіндегі қала, көктен жазасын күткен тұңғиық қала және түрленген әрі даңққа бөленген қала, көктен жерге түскен жаңа қалашық» [5, 122].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

1960-1970 жылдары Ю.М. Лотман мен В.Н. Топоровтың қалалық кеңістік туралы зерттеулері қазіргі әдебиеттанудағы «қалалық мәтінді» түсіну мен түсіндірудің тәсілдері мен жолын айқындап берді.

Қазіргі орыс әдебиеттануында Н.В. Шмидт, Н.А. Кожевникова, Н.В. Корниенко, М.А. Селеменова, т.б. ғалымдардың зерттеулерінен «қалалық мәтіннің» әрбір ұлттың дәстүріне, тұрмыс-салтына бағытталғандығын, жаңа маңызды белгілермен байытылғандығын көреміз. Бұл, ең алдымен ірі әкімшілік орталықтарды индустрияландырумен, олардың ірі өнеркәсіптік орталықтарға айналуымен байланысты. Сондықтан ірі индустриялы-өнеркәсіптік қалалар бейнеленген мәтіндерде көркемдік формула-таңбалардың басқа жиынтығы пайда болады.

НӘТИЖЕЛЕР

Қала бейнесінің көркемдігі мен оқырманына түсініктілігі оның қазіргі қоғамдық өмірдің қомақты бір бөлігі ретінде қалыптасуымен байланысты. Қала тіршілігі суреттелген шығармалардың көбінде сұрғылт түстердің алынуы да белгілі бір деңгейде адам санасының еркіндікке ұмтылуы мен табиғаттағы әдемілікке қарама-қарсы алынуынан болуы мүмкін. Ауылдық жерде дүниеге келген кез келген жазушы үшін қала тұрмысына қарағанда дала пейзажын бейнелеу жеңіл және жанына жақын деуге болады. Алғашқы қала туралы шығармалардағы пейзаждардың сұрқай келуі де сондықтан. Сонымен қатар, ертедегі қазақ ұғымында қаланың қорқыныштылау бейнеде болғаны да бар.

Қала материалдық сала мен өзін мекендейтін адамдар арасындағы алуан түрлі байланыстар негізінде ғана бар бола алады. Сондықтан қала – ол тек қана өзімен өзі тұрған қимылсыз модель ғана емес, үнемі толығып тұратын мәтін. Қала мәтінін танып, білу үшін диахрондық та, синхрондық та зерттеулерде пәнаралық тәсілдерді қолдану қажет. Жалпы қала ұғымындағы концепт категорияларды саралай келе, оған жазушылардың шығармаларындағы негізгі идеяның және жазушының өзінің жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек екені анық. Қала сөзінің ішкі мағыналық бөлігіндегі тарихилық пен заманауилықты қатар алғанда өзінің белгілі бір айырмашылықтары мен ұқсастықтарының бар екенін көреміз.

Қала – адамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің ғана емес, сонымен қатар оның рухани-психологиялық, моральдық-этикалық, мәдени-көркем ұмтылыстарының жиынтығы. Сол себепті болар, қала мәселесі соңғы кезде тым жиі әрі түрлі гуманитарлық ғылымдар ракурстарында зерттеу нысанына айналып келеді. Бұл ұғым әдебиетке де қатысты. Мәселен, М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы қала бейнесі мен «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесіндегі қала бейнесі екі түрлі ракурстан көрінген. Екі шығармада да бір қала, Семей бейнесі. «Абай жолында» Семей қаласы мәдениет пен өркениетке бастаушы, Абайдың білім алған мекені және кітапханасы бар киелі де, қасиетті орын ретінде бейнеленеді. Ал «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесінде қала жастардың серуен құратын саябағы, өзен жағасында демалыс жасайтын шулы топтың мекені сияқты суреттеледі.

Әрбір автор қаланы әртүрлі логикалық себептерге сай өзінше көреді: психология, өмірбаян, әлеуметтік статус, дәл сол сәттегі жазушының жиған жеке тәжірибесі, темперамент, ақыр соңы, – осы факторлардың бәрі өзіміз өмір сүріп отырған ортаны қалай қабылдайтындығымызға әсер етеді, соған сай қалай бейнелеуімізге де әсер етеді. Түрлі шығармаларда авторлар қалалық өмірдің түрлі аспектілеріне мән береді.

ТАЛҚЫЛАУ

1990-2000 жылдардың басында түрлі жанрларда «қалалық мәтін» туралы кітаптар пайда бола бастады, мәселен, Петр Вайлдың «эссе, жолжазба мен мемуар гибриді» деп аталған «Орын гений» циклы (2000); Питер Акройдтың «Лондон: Өмірбаян» (2000) және В.Н. Топоровтың орыс әдебиетіндегі «петербург мәтініне» арналған бірнеше әдебиеттанушылық еңбектері жарық көрді. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Бірақ осы еңбектердің өзі де аталған мәселені зерттеудің өзектілігін танытып тұр. «Қалалық мәтін» ХХ ғасырда екі түрлі формада қабылданды. Зерттеуші М.В. Селеменеваның қарастыруы бойынша біріншіден: бұл «дамудың ішкі заңдылықтарына ие әлеуметтік-мәдени ағза, өзін-өзі дамытатын тұтастық ретінде әрекет етеді, онда тұлға өз өмірін мәдени құндылықтарға сәйкес қалыптастырады», екіншіден, бұл «өндіріс пен тұрмысты ұйымдастырудың ең ұсақ бөлшектеріне дейін жобалауға және жүзеге асыруға болатын белгілі бір құрылым» [6, 34]. М.В. Селеменова қалалық мәтіннің өндіріс пен тұрмысты ұйымдастырудың ең ұсақ бөлшектеріне дейін жобалауға және жүзеге асыруға болатын белгілі бір құрылым екендігіне мән береді.

Әдебиеттегі урбанизм дегеніміз – дамыған техника мен индустриясы, қалалық тұрмыс, қалалық тұрмыс қалыптастырған психикалық ерекшеліктері бар үлкен қала бейнесінің тақырыпта, бейнелерде және стильде көрініс табуы. Қалалық топика өндірістік капитализм дамыған сайын әдебиетте маңызды мәнге ие бола түсуде. Мұны реалистер өзекті етуде (Диккенс, Теккерей, Бальзак, Т. Гуд, Ресейдегі «табиғи мектеп», Достоевскийдің алғашқы шығармалары, Некрасов). Помещик мекені, сарай, ауылдың орнына әдебиетке урбанизация феноменін бейнелеуші нысандар ретінде: көлік, фабрика, теміржол, тобыр, көпшілік келді. Қалалық бай мен кедейдің, қайыршылық пен байлықтың, астаналық интерьер мен бос кеңістіктің, лас түпкірлер, мансардалар, қалалық пейзаждың қайшылығы басты назарға алынды. Қаланы дәл осы тұрғыдан суреттеуді Золя натурализмі жалғастырды. Қалалық индустрия, биржалар, базарлар, фабрикалар, дүкендер Э. Золя романдарында басымдыққа ие болды («Париж құрсағы», «Тұзақ», «Ақша» «Әйел бақыты» және т.б.). Бәрімізге белгілі, өмірінің соңында Золя қалалар туралы тұтас бір эпопея жазды («Лурд», «Париж», «Рим»). Золя урбанизмі қалалық дәстүрдегі әдет-ғұрыптық очеркті де, реалистік романды да, сондай-ақ, азғыру мен бейбастақтыққа толы қала – спрут-қалалар көрінісімен байланысты декаданттық және импрессионистік әсерді де бірдей қамтыды.

Урбанизм әдебиетке монтаж тәсілдерін енгізді. Яғни, оған жылдам көрініп, бірден жоқ болу мен түрлі әсер қалдыра білу қасиеті, заттарды қимыл үстінде көрсету, энергетизм, адамды басып тастайтын механикалық заттардың билігі, қала адамын ерекше қасиетінен, рухани күшінен айыру, технологиялық эстетика, газеттік-телеграфтық стилистика және т.б. тән. Бұл белгілер ХХ ғасыр басындағы әдеби ағымдарда барынша айқын көрініс тапты.

Урбанизация табиғатын, оның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдениеттанулық сипатын зерттеу, қалалар дамуының кезеңдерін тұтас өркениеттің қалыптасу факторы ретінде қарастыру, сондай-ақ, өнердегі урбанизм қызметін талдау – міне, осының бәрі қала феноменін тануға көмектесетін мәселелер шоғыры. Аталған зерттеуде бұл феноменнің мәтін феноменімен өзара байланыста қарастырылуы керектігі де анық.

Көркем мәтіндер қасиеті кодқа – модельдеуші жүйеге айналады, сөйтіп тек осындай мәтінге ғана тән кейбір белгілер көркем коммуникация үдерісінде кодтаушы жүйе саласына ауысады. Мәселен, шектеулілік мәтіннің белгісі ғана емес, сонымен қатар көркемдік тілдің маңызды қасиеті болып қалыптасады [7, 72].

Қалалық, немесе жергілікті мәтіннің өзіндік көркем коды болады, оның белгілерін В.Н. Топоров былай сипаттайды [8].

1 Кесте – Қалалық мәтіннің көркем кодтары

№	Қалалық мәтіннің көркем кодтары
1	табиғи және мәдени бейнелер (белгілер) [8, 281];
2	уақыт пен кеңістікті, олардың шектілігі пен созылыңқылығын бейнелеу тәсілдері [8, 289];
3	адамдардың тегі мен аттары [8, 303];
4	топонимдер [8, 308];
5	метабейнелеу элементтері (театр, декорация, рөл, актер және т.б.) [8, 315];
6	жалпы лексикалық-ұғымдық сөздік [8, 316].

Осылайша, В.Н. Топоровтың зерттеуінен біз әдеби шығармадағы қала мәтінінен көркем бейнелердің қалыптасу үдерісін негіздейтін жеке өмірбаяндық, тарихи-мәдени, топографиялық, топонимдік, ландшафттық, климаттық және т.б. урбанизациялық элементтерді танымыз.

Әдебиеттегі «қалалық мәтінге» назар аударғанда оған нақты айқындықтың, яғни, бір мезгілде қала феноменіне де (оның құрамдас бөлігі ретінде), мәтінге де (табиғи тіл құралдары деп аталатындықтан) белгілі бір топонимдік, топографиялық, жеке өмірбаяндық, тарихи-мәдени және басқа да белгілердің тән екенін де атап өту қажет. В.Н. Топоровтың айтуынша, «қалалық мәтінді» зерттеушілер екі шектеуге назар аударуы қажет: «қалалық мәтіндегі шектен тыс шындық онда дұрыс көріне алмайды және дәл сол материалға қатысты еркін мәтін түсінігі де шартты» [8, 281]. «Қалалық мәтіннің» құрылымдылығы ішкі диалогқа бейімділігінен және урбанизация белгілерінің сатылығынан көрінеді. Табиғи сала элементтерінен қалалық мәтін белгілері қалыптасады: климаттық-метеорологиялық (жаңбыр, жел, суық, ыстық, күннің батуы, күннің шығуы, түстер гаммасы, жарықөткізгіштік және т.б.) және ландшафттық (су, құрлық, тұйықтық, кеңістік, бос кеңістік, бөліктерге бөліну, шет аймақ, орталық және т.б.).

Құрылымдық тұрғыдан тұтас қалалық мәтін адамдар бейнесі (кейіпкерлер) және заттық әлем дүниелерінен тұрады, ол кеңістікте (шет аймақтан орталыққа қарай, сыртқы көріністе де, интерьерде де) және уақыт бойынша (өткенді шолуда да, болашақта да) айқындалады.

«Қалалық мәтінді» зерттеу барысында қала кеңістігі мен уақыт мәселесі алдыңғы кезекке шығады. Қала бейнесін суреттейтін шығармада белгілі бір дәуірдегі қала өмірі мен болып жатқан оқиғаның уақыты суреттеледі. Сондықтан «қалалық мәтінде» хронотоп мәселесі зерттеу нысанына айналады. Әдебиеттануда бұл мәселені М. Бахтин зерттеген болатын. М. Бахтин: «Әдебиеттегі хронотоп маңызды жанрлық мәнге ие. Жанр мен жанрлық түрлерді хронотоп анықтайды деп нақты айтуға болады, ал әдебиетте хронотоптағы жетекші негіз – уақыт. Хронотоп формалды-мазмұндық категория ретінде әдебиеттегі адамның бейнесін де (негізінен) анықтайды; мұндай бейне қашан да айтарлықтай хронотоптық болып келеді» [9] деген болатын.

Танымал «Қала бейнесі» [10] кітабының авторы К. Линч атап көрсеткендей, қалалық мәтінге тән акценттер, өзара ықпалдастық пен қарсы қою әр қаланың өзіне тән доминантты нүктелерінде байқалады. Мұндай нүктелерді табу қалалық мәтінді қалыптастыру үшін міндетті. К. Линчтің пікірінше, доминантты нүктелер қаланы елестетуге тікелей қатысты, басқаша айтсақ, «өз бетімен таңдап алынған бақылаушының санасында әсерлі бейне қалыптастыра алатын материалдық нысанның мұндай сапасына» тікелей қатысты. Олар – айналадағы жақсы реттелген, бірден көзге түсетін әрі пайдалы бейнелерді қалыптастыруды жеңілдететін түс немесе композиция сияқты формалар. Бұл сапаны оқылым деп атауға болар еді, немесе мүмкін, күшейтпелі мағынада көрінім деп атауға болар, яғни нысандарды тек көріп қана қоймайсыз, ол нысандар сезімдерге шиеленісті әрі қарқынды әсер етеді» [10, 21].

Қалалық мәтін ұғымымен қалалық өмір дискурсы деген түсінік сәйкес келеді (үнемі қозғалыста болатын, өзгермелі үдеріс ретінде). Бәрімізге белгілі, дискурс пен мәтін тіл арқылы нысандалады және олар адамдардың ойлау әрекетінің нәтижесі. Мәтін дискурс барысында сөйлеу үдерісінің айрықша нәтижесі ретінде туындайды. Дискурстың өзіндік ерекшелігі – ол «өмірге әбден кіріккен әрекет» [11, 137].

Урбанистік дискурста дүниеге келіп, соның нәтижесі болып табылатын қала мәтіні онымен құрылымында көрінетін сабақтас байланыста болады. Қалалық мәтін компоненттері – көркемдік тұрғыдан байыпталған архитектуралық, ландшафтық, топографиялық, топонимдік, әлеуметтік-мәдени және басқа да реалийлер.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, біздің «қалалық мәтін» туралы пікіріміз қазіргі филологияда қалыптасқан мәтін туралы көзқараспен сай келеді: мәтін басқа да мәтіндік және мағыналық жүйелермен арақатынастағы әрі сол жүйелермен диалогтік қарым-қатынастағы ашық жүйе.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP19176500 – Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала бейнесі және кейіпкерлер типологиясы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Анциферов Н.П. Душа Петербурга. – Петербург, 1922. – 228 с.
- 2 Лотман Ю.М. Символика Петербурга и проблемы семиотики города // Семиотика города и городской культуры. Петербург. Труды по знаковым системам 18. – Тарту, 1984. – 139 с.
- 3 Топоров В.Н. Петербург и «Петербургский текст русской литературы» // Семиотика города и городской культуры. Петербург. Труды по знаковым системам 18. – Тарту, 1984. – 139 с.
- 4 Бронская Л.И. Поэтика городского пространства в русской литературе 1920-х годов (М. Булгаков, А. Грин, С. Кржижановский) // Актуальные проблемы филологии и педагогической лингвистики. – 2019. –№1. – С. 146-154.
- 5 Топоров В.Н. Текст города-девы и города-блудницы в мифологическом аспекте. Исследования по структуре текста. – Москва: Наука, 1987. – С. 121-132.
- 6 Селеменова М.В. Городская проза как идейно-художественный феномен русской литературы XX века. – М.: МГИ им. Дашковой, 2008. – 300 с.
- 7 Лотман Ю.М. Структура художественного текста. – Москва, 1970. – 383 с.
- 8 Топоров В.Н. Миф. Ритуал. Символ. Образ. Исследования в области мифопоэтического. – Москва, 1995. – 624 с.
- 9 Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике. URL: http://www.chronos.msu.ru/old/RREPORTS/bakhtin_hronotop/hronmain.html (қаралды: 17.06.2023)
- 10 Линч К. Образ города. – Москва, 1982. – 328 с.
- 11 Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва, 1990. – 683 с.

REFERENCES

- 1 Antsiferov N.P. Dusha Peterburga [The soul of St. Petersburg] (Petersburg, 1922). [in Russian]

2 Lotman Yu.M. Simvolika Peterburga i problemy semiotiki goroda [The symbolism of St. Petersburg and the problems of semiotics of the city], Semiotika goroda i gorodskoy kul'tury [Semiotics of the city and urban culture] (Tartu, 1984). [in Russian]

3 Toporov V.N. Peterburg i «Peterburgskiy tekst russkoy literatury» [Petersburg and the «Petersburg Text of Russian Literature»], Semiotika goroda i gorodskoy kul'tury [Semiotics of the city and urban culture] (Tartu, 1984). [in Russian]

4 Bronskaya L.I. Poetika gorodskogo prostranstva v russkoy literature 1920-kh godov (M. Bulgakov, A. Grin, S. Krzhizhanovskiy) [The Poetics of Urban Space in Russian Literature of the 1920s (M. Bulgakov, A. Green, S. Krzhizhanovsky)], Aktual'nye problemy filologii i pedagogicheskoy lingvistiki [Actual problems of philology and pedagogical linguistics], 1, 146-154 (2019). [in Russian]

5 Toporov V.N. Tekst goroda-devy i goroda-bludnitsy v mifologicheskoy aspekte [Text of the city-virgin and the city-harlot in the mythological aspect], Issledovaniya po strukture teksta [Research on the structure of the text] (Moscow, 1987). [in Russian]

6 Selemeneva M.V. Gorodskaya proza kak ideyno-khudozhestvennyy fenomen russkoy literatury XX veka [Urban Prose as an Ideological and Artistic Phenomenon of Russian Literature of the XX century] (Moscow, 2008). [in Russian]

7 Lotman Yu.M. Struktura khudozhestvennogo teksta [The structure of a literary text] (Moscow, 1970). [in Russian]

8 Toporov V.N. Mif. Ritual. Simvol. Obraz. Issledovaniya v oblasti mifopoeticheskogo [Myth. Ritual. Symbol. Image. Research in the field of mythopoeic] (Moscow, 1995). [in Russian]

9 Bakhtin M.M. Formy vremeni i khronotopa v romane. Ocherki po istoricheskoy poetike [Forms of time and chronotope in the novel. Essays on historical poetics]. Available at: http://www.chronos.msu.ru/old/RREPORTS/bakhtin_hronotop/hronmain.html (accessed: 17.06.2023)

10 Linch K. Obraz goroda [Image of the city] (Moscow, 1982). [in Russian]

11 Arutyunova N.D. Diskurs [Discourse], Lingvisticheskiy entsiklopedicheskiy slovar' [Linguistic Encyclopedic Dictionary] (Moscow, 1990). [in Russian]

Материал 21.06.2023 баспаға түсті

Ракурсы интерпретации термина «городской текст»

М. Амангазықызы¹, М.С. Оразбек¹

¹Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, г. Астана, 010000, Республика Казахстан.

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, 010000, Республика Казахстан.

Поскольку понятие «городской текст» является комплексным и многогранным, до сих пор в науке не сформировано четкого определения этого термина. В данной статье рассматриваются вопросы урбанизма в литературе, художественные коды городского текста (природные и культурные образы, способы изображения пространства и времени, их предельности и протяженности, фамилии и имена людей, топонимы, элементы метаописания, общий лексико-понятийный словарь), хронотоп в городском тексте. Также научно подтверждено, что в городском тексте концепт, мотивы и сюжеты рассматриваются в единстве. Методология настоящего исследования основана на работах Н.П. Анциферова, Ю.М. Лотмана, В.Н. Топорова, К. Линча, Н.В. Шмидта, Н.А. Кожевниковой, Н.В. Корниенко, М.А. Селемевой, Н.Д. Арутюновой и др. Также определена проблема соотношения понятий городского текста и городского дискурса в художественном мире литературного произведения. Потому что в урбанистическом дискурсе было определено, что текст города, рожденный и являющийся его результатом, будет иметь с ним смежные связи, отраженные в его структуре.

Выводы, полученные в результате исследования, могут быть использованы при преподавании в вузах теоретических курсов, таких как теория и поэтика литературы, на специальных курсах и семинарах, при изучении формирования новых направлений в современном литературоведении.

Ключевые слова: городской текст, дискурс, урбанистика, город, компоненты городского текста.

Материал поступил в редакцию журнала 21.06.2023

Perspectives of interpretation of the term «urban text»

M. Amangazykyzy¹, M.S. Orazbek²

¹A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, 010000, Republic of Kazakhstan.

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000, Republic of Kazakhstan.

Since the concept of «urban text» is complex and multifaceted, a clear definition of this term has not yet been formed in science. This article discusses the issues of urbanism in literature, artistic codes of the urban text (natural and cultural images, ways of depicting space and time, their limits and extent, surnames and names of people, toponyms, elements of meta-description, general lexical and conceptual dictionary), chronotope in the urban text. It is also scientifically confirmed that in the urban text the concept, motives and plots are considered in unity. The methodology of this study is based on the works of N.P. Antsiferov, Y.M. Lotman, V.N. Toporov, K. Lynch, N.V. Schmidt, N.A. Kozhevnikova, N.V. Kornienko, M.A. Selemeneva, N.D. Arutyunova, etc. The problem of the correlation of the concepts of urban text and urban discourse in the artistic world of a literary work is also determined. Because in the urban discourse it was determined that the text of the city, born and being its result, will have adjacent connections with it, reflected in its structure.

The conclusions obtained as a result of the research can be used when teaching theoretical courses at universities, such as theory and poetics of literature, at special courses and seminars, when studying the formation of new directions in modern literary studies.

Key words: urban text, discourse, urbanism, city, components of urban text.

Received: 21.06.2023